# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2023 жылғы 19 қазан №3313-23-00-2/1729 Талдықорған қаласы

Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья М.Б.Киргабаков,
оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Қазақстан Республикасының Ішкі істер министірлігі» мемлекеттік мекемесі,

**ЖАУАПКЕР:**
«Жетісу тігін фабрикасы Айсұлу» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі,

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**
1.Жосықсыз мердігер ретінде тану,
2.Тұрақсыздық айыбын өндіру,

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

Сот АПК-нің 117, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып,

**ШЕШТІ:**

«Қазақстан Республикасының Ішкі істер министірлігі» мемлекеттік мекемесінің талап арызы қанағаттандырылсын.

«Жетісу тігін фабрикасы Айсұлу» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Жетісу тігін фабрикасы Айсұлу» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекет пайдасына тұрақсыздық айыбы 2023 жылғы 08 маусымдағы №230510/00 келісімшарт бойынша 8 535 теңге 44 тиын;

2023 жылғы 08 маусымдағы № 230511/00 келісімшарт бойынша 32 418 теңге 84 тиын;

2023 жылғы 08 маусымдағы № 230512/00 келісімшарт бойынша 4870 теңге 1 тиын;

2023 жылғы 08 маусымдағы 230513/00 келісімшарт бойынша 5 755 теңге 9 тиын, барлығы 51 580 (елу бір мың бес жүз сексен) теңге өндірілсін.

«Жетісу тігін фабрикасы Айсұлу» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына мемлекеттік баж шығыны 3273 (үш мың екі жүз жетпіс үш) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат Жетісу облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына осы сот арқылы келтіруі мүмкін.

Судья М.Б.Киргабаков

Құжатқа қол қойылған: Киргабаков М. Б., 26.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 28.11.2023, судья Киргабаков М. Б., 04.12.2023

3313-23-3-1/1817